

Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

30.01.2023 жыл
Сағ: 15.00

№ 3

Бейнеу ауылы

Өткізілген жері: Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.

Қатысқандар: Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелері.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 11 (он бір) мүшесі қатысып отыр. Қалған 4 (төрт) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

1. Төлеп ауылы әкімінің «Қауымдық сервитут белгілеу туралы» шешімі жобасын талқылау.
2. Бейнеу аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 қарашадағы № 27/226 «Бейнеу ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі жобасын талқылау.
3. Бейнеу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қарашадағы №28/196 «Бейнеу ауданының Құрмет грамотасымен марапаттау туралы ережені бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі жобасын талқылау.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Күн тәртібіндегі бірінші, екінші, үшінші мәселелер бойынша аталған шешімдердің жобалары электронды пошталарыңызға жіберілді. Осы аталған шешімдердің жобаларына байланысты ұсыныстар мен пікірлер жоқ болса келісемін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, бірінші, екінші, үшінші мәселелер бойынша аталған шешімдердің жобалары келісілді.


Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді толықтай қарап келесідей қарар етеді:

1. Күн тәртібіндегі бірінші, екінші, үшінші мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V «Құқықтық актілер туралы» Заңының 20 бабының 2 тармағына сәйкес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірмейтінін, сонымен қатар нормативтік құқықтық акт түрінде қабылдауы тиіс екендігі жөнінде Төлеп ауылының әкімі А.Сейілхановқа, Бейнеу аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қ.Назархановқа, Бейнеу аудандық мәслихатының аппарат басшысы Ж.Оспановқа хабарлансын.

2. Хатты жолдау Қоғамдық кеңес хатшысы Қ.Бортановаға жүктелсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы

Қ.Бортанова